

"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2011 - 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 ақпандағы № 183 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 26 тамыздағы № 834 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2011 - 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 ақпандағы № 183 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2011 ж., № 21, 269-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2011 - 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспарында:

«Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер, нысаналы индикаторлар, іс-шаралар және нәтижелер көрсеткіштері» деген 3-бөлімде:

«Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер, нысаналы индикаторлар, іс-шаралар және нәтижелер көрсеткіштері» деген 3.1-кіші бөлімде:

«Азаматтардың денсаулығын нығайту және өлім-жітім деңгейін төмендету» деген 1-стратегиялық бағытта:

«Аурулардың профилактикасы, емдеу және оңалтудың тиімді жүйесі» деген 1.1-мақсатта:

«Аурулардың профилактикасы және саламатты өмір салтын қалыптастыру әдістемелерін жетілдіру» деген 1.1.1-міндетте:

«2013 ж.» деген бағанда:

реттік нөмірі 8-жолдағы «69,5» деген сандар «70,1» деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 14-жолдағы «7» деген сан «5» деген санмен ауыстырылсын;

«Ана мен баланың денсаулығын нығайту» деген 1.1.2-міндетте:

«2013 ж.» деген бағанда:

реттік нөмірі 29-жолдағы «21,0» деген сандар «17,0» деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 34-жолдағы «22,5» деген сандар «20,8» деген сандармен ауыстырылсын;

«Негізгі элеуметтік мәні бар ауруларды және жарақаттардың диагностикасын, емдеуді және оңалтуды жетілдіру» деген 1.1.3-міндетте:

«2013 ж.» деген бағанда:

реттік нөмірі 41-жолдағы «290,5» деген сандар «251,9» деген сандармен

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

реттік нөмірі 42-жолдағы «99,5» деген сандар «98,0» деген сандармен

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

реттік нөмірі 44-жолдағы «97,6» деген сандар «94,6» деген сандармен

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

реттік нөмірі 45-жолдағы «7,6» деген сандар «7,1» деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 46-жолдағы «81,7» деген сандар «79,6» деген сандармен

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

реттік нөмірі 47-жолдағы «0,4» деген сандар «0,3» деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 49-1-жолдағы «159,5» деген сандар «188,4» деген сандармен

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

«Білім беру және ғылым жүйесін жетілдіру және инновациялық технологияларды енгізу» деген 1.2-міндетте:

реттік нөмірі 73-жолдағы «4083» деген сандар «3479» деген сандармен

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 73-1-жолмен толықтырылсын:

«

73-1	Шетелдік ұйымдардың қатысуымен іске асырылатын ғылыми және инновациялық жобалардың саны	ДСМ	бірл.	6	7	7	8	9	11	13
------	---	-----	-------	---	---	---	---	---	----	----

»;

реттік нөмірлері 74, 75-жолдар алынып тасталсын;

«Кадр ресурстарын және медицина ғылымын дамыту» деген 1.2.1-міндетте:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 76-1, 76-2-жолдармен толықтырылсын:

«

76-1	Халықаралық рецензияланатын баспалардағы жарияланымдардың үлесін ұлғайту	ДСМ	%	6	7	8	9	7	11	12
76-2	Халықаралық патенттер үлесін ұлғайту	ДСМ	%	2	2,5	3	3,5	4,5	5	5

» ;

реттік нөмірі 80-жолдағы «32» деген сандар «40» деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 80-2-жолдағы «19530» деген сандар «17112» деген сандармен

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

реттік нөмірі 82-жол алынып тасталсын;

реттік нөмірі 85-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

85	ҚазҰМУ, СММУ, БҚММУ, ҚММУ жанынан мемлекеттік медициналық ЖОО-ларға арналған 1000 орындық, АМУ үшін 2000 орындық (2 бірл.) және ОҚМФА үшін 500 орындық 7 студенттік жатақхана салу								X	X
----	--	--	--	--	--	--	--	--	---	---

» ;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 92-2-жолмен толықтырылсын:

«

92-2	Ғылыми зерттеулер менеджменті мәселелері, оның ішінде іздену және халықаралық гранттарды тарту мәселелері бойынша мамандарды оқытуды ұйымдастыру			X	X	X
------	--	--	--	---	---	---

» ;

реттік нөмірі 96-жолдағы «64» деген сандар «57,4» деген сандармен ауыстырылсын;

«Денсаулық сақтау ұйымдарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру» деген 2.1-мақсатта :

«Денсаулық сақтау ұйымдарын басқаруды және қаржыландыруды жетілдіру» деген 2.1.1-міндетте :

реттік нөмірі 100-жолдағы «16 000» деген сандар «22 000» деген сандармен ауыстырылсын ;

реттік нөмірі 108, 109, 133-жолдар алынып тасталсын;

«Стратегиялық бағыттар мен мақсаттардың мемлекеттің стратегиялық мақсаттарына сәйкестігі» деген 3.2-кіші бөлімде:

«Мемлекеттік органның стратегиялық бағыттары және мақсаттары» деген баған мынадай редакцияда жазылсын :

«1-стратегиялық бағыт. Азаматтардың денсаулығын нығайту және өлім-жітім деңгейін төмендету :

1.1-мақсат. Аурулардың профилактикасы, емдеудің және оңалтудың тиімді жүйесі;

1.2-мақсат. Білім беру, ғылым жүйесін жетілдіру және инновациялық технологияларды енгізу.

2-стратегиялық бағыт. Денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыру:

2.1-мақсат. Денсаулық сақтау ұйымдарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру»;

«Функционалдық мүмкіндіктерді дамыту» деген 4-бөлім мынадай редакцияда жазылсын :

«

Стратегиялық бағыттардың және мақсаттардың атаулары	Функционалдық мүмкіндіктерді дамыту бойынша ДСМ іске асыратын іс-шаралар	Іске асыру кезеңі
1-стратегиялық бағыт. Азаматтардың денсаулығын нығайту және өлім-жітім деңгейін төмендету: 1.1-мақсат. Аурулардың профилактикасы, емдеудің және оңалтудың тиімді жүйесі; 1.1.1-міндет. Аурулардың профилактикасына және саламатты өмір салтын қалыптастыруға тәсілдерді жетілдіру; 1.1.2-міндет. Ана мен баланың денсаулығын нығайту;		

1.1.3-міндет. Негізгі әлеуметтік мәні бар аурулардың және жарақаттардың диагностикасын, оларды емдеуді және оңалтуды жетілдіру; 1.1.4-міндет. Инфекциялық сырқаттанушылықтың өсуіне жол бермеу; 1.2-мақсат. Білім беру, ғылым жүйесін жетілдіру және инновациялық технологияларды енгізу; 1.2.1-міндет. Ғылымды және кадр ресурстарын дамыту	1. Денсаулық сақтау саласындағы қызметті регламенттейтін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру	2011-2015 жылдар
2-стратегиялық бағыт. Денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыру: 2.1-мақсат. Денсаулық сақтау ұйымдарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру 2.1.1-міндет. Денсаулық сақтау ұйымдарын басқаруды және қаржыландыруды жетілдіру	2. Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің стандарттары мен регламенттерін әзірлеу, көрсетілетін медициналық қызметтерді электрондық форматқа ауыстыру	2011-2015 жылдар
	3. Денсаулық сақтау саласындағы орталық аппарат және жергілікті атқарушы органдар қызметкерлерін стратегиялық жоспарлау мен талдау қағидаттарына оқыту	2011-2015 жылдар

»;

«Тәуекелдерді басқару» деген 6-бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

«

№	Ықтимал тәуекелдердің атауы	Тәуекелдерді басқару бойынша шаралар қабылданбаған жағдайдағы ықтимал салдарлар	Тәуекелдерді басқару бойынша іс-шаралар
1	Стратегиялық жоспардың индикаторларына қол жеткізу жөнінде жергілікті атқарушы органдардың жеткіліксіз жұмысы	Стратегиялық жоспар мақсаттарының индикаторлары мен міндеттер көрсеткіштеріне қол жеткізбеу	Министрліктің стратегиялық жоспарының негізгі индикаторларын міндетті түрде көрсете отырып, денсаулық сақтау басқармаларының стратегиялық жоспарларының жобаларын келісу
2	Стратегиялық жоспардың индикаторларына қол жеткізу жөніндегі мемлекеттік органдардың жеткіліксіз жұмысы	Стратегиялық жоспар мақсаттарының индикаторлары мен міндеттері көрсеткіштеріне қол жеткізбеу	Әрбір мемлекеттік орган үшін нақты индикаторларды көрсете отырып, қоғамдық денсаулықты сақтау бойынша бөлінетін бюджеттік бағдарламаның бірыңғай бюджеттік жіктемесін енгізу. Азаматтардың денсаулығын сақтау жөніндегі ұлттық үйлестіру кеңесінің рөлін күшейту
3	Инфекциялық аурулардың басталу қаупі	Инфекциялық аурулардың басталуы	Халықты қауіпсіз ауыз су, азық-түлік өнімдерімен, инфекциялық сырқаттанушылықты, басқарушылық шешімді қабылдай отырып, қоршаған ортаны санитариялық фонмен қамтамасыз ету үшін санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауды күшейту. Халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмысы.
4	Техногендік және экологиялық апаттар (зілзала) салдарынан әр		

	түрлі жарақаттардың және аурулардың (оның ішінде инфекциялық) жаппай дамуы	Халықтың әлеуметтік шиеленісуінің дамуы	Халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмысы. Төтенше жағдайлар кезінде уақтылы медициналық көмек көрсету.
5	Медицина қызметкерлері жалақысының төмен деңгейіне байланысты медицина кадрларының кетуі	Білікті кадрлардың азаюы	Медицина қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеудің түпкілікті нәтижеге бағдарланған, сараланған жүйесін одан әрі жетілдіру. Басқару әдістерін жетілдіру

» ;

«Бюджеттік бағдарламалар» деген 7-бөлімде:

001 «Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру» деген бюджеттік бағдарламада:

«Бағдарлама бойынша бюджет шығыстарының көлемі» деген жолдағы «12 973 445» деген сандар «12 784 101» деген сандармен ауыстырылсын;

005 «Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне денсаулық сақтау объектілерін салуға және қайта жаңғыртуға, Алматы облысының облыстық бюджетіне және Алматы қаласының бюджетіне денсаулық сақтау объектілерінің сейсмотұрақтылығын күшейтуге берілетін нысаналы даму трансферттері» деген бюджеттік бағдарламада:

«2013» деген бағанда:

тікелей нәтиже көрсеткіштерінде:

«Қаржыландырылатын денсаулық сақтау жобаларының саны» деген жолдағы «52» деген сандар «47» деген сандармен ауыстырылсын;

түпкілікті нәтиже көрсеткіштерінде:

«оның ішінде 100 аурухана жобасы шеңберінде» деген жолдағы «8» деген сан «6» деген санмен ауыстырылсын;

«оның ішінде 350 дәрігерлік амбулатория, емхана және фельдшерлік-акушерлік пункт шеңберінде» деген жолдағы «14» деген сандар «15» деген сандармен ауыстырылсын;

тиімділік көрсеткіштерінде:

«Салынған бір стационарлық объектінің орташа құны» деген жолдағы «7346,8» деген сандар «5967,3» деген сандармен ауыстырылсын;

«Салынған бір амбулаториялық-емханалық қызмет объектісінің орташа құны» деген жолдағы «1443,6» деген сандар «1420,9» деген сандармен ауыстырылсын;

«Салынған бір сейсмокүшейтілген объектінің орташа құны» деген жолдағы «300,6» деген сандар «106,6» деген сандармен ауыстырылсын;

«Салынған бір объектінің орташа құны (басқа да денсаулық сақтау объектілері)» деген жолдағы «1939,5» деген сандар «2023,8» деген сандармен ауыстырылсын;

«бағдарлама бойынша бюджет шығыстарының көлемі» деген жолдағы «56 184 698» деген сандар «51 279 581» деген сандармен ауыстырылсын;

006 «Республикалық деңгейде халықтың санитариялық-эпидемиологиялық

саламаттылығын қамтамасыз ету» деген бюджеттік бағдарламада:

«2013» деген бағанда:

«бағдарлама бойынша бюджет шығыстарының көлемі» деген жолдағы «11 190 432» деген сандар «11 190 306» деген сандармен ауыстырылсын;

010 «Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін қамтамасыз етуге және кеңейтуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер» деген бюджеттік бағдарламада:

100 «Жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылатын тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін қамтамасыз ету және кеңейту» деген бюджеттік кіші бағдарламада:

«2013» деген бағанда:

тікелей нәтиже көрсеткіштерінде:

«Халықты қан айналым жүйесі ауруларын ерте анықтаудың скринингтік тексеріп-қараумен қамту» деген жолдағы «2 499 642» деген сандар «2 269 515» деген сандармен ауыстырылсын;

«Халықты қант диабетін ерте анықтаудың скринингтік тексеріп-қараумен қамту» деген жолдағы «2 499 642» деген сандар «940 717» деген сандармен ауыстырылсын;

«Халықты еркек безінің қатерлі ісігін ерте анықтаудың скринингтік тексеріп-қараумен қамту» деген жолдағы «117 610» деген сандар «79 553» деген сандармен ауыстырылсын;

«Вирусты гепатитті анықтау үшін ересектерді скринингтік тексеріп-қараумен қамту» деген жолдағы «256 230» деген сандар «125 947» деген сандармен ауыстырылсын;

«БМСК ұйымдарында әлеуметтік қызметкерлерді және психологтарды енгізу» деген жолдағы «2147,75/481,5» деген сандар «2125,25/475,5» деген сандармен ауыстырылсын;

түпкілікті нәтиже көрсеткіштерінде:

«Қанайналым жүйесі ауруларынан өлім-жітім» деген жолдағы «290,5» деген сандар «251,9» деген сандармен ауыстырылсын;

«Онкологиялық аурулардан өлім-жітім» деген жолдағы «99,5» деген сандар «98,0» деген сандармен ауыстырылсын;

сапа көрсеткіштерінде:

«Денсаулықты сақтау және нығайту мәселелерінде халықтың нысаналы топтарының хабардар болу деңгейін ұлғайту» деген жолдағы «90» деген сандар «65» деген сандармен ауыстырылсын;

тиімділік көрсеткіштерінде:

«Бір адамға қанайналым жүйесі ауруларын ерте анықтаудың скринингтік тексеріп-қараудың орташа құны» деген жолдағы «275,0» деген сандар «252,5» деген сандармен ауыстырылсын;

«Бір адамға қант диабетін ерте анықтаудың скринингтік тексеріп-қараудың орташа құны» деген жолдағы «76,4» деген сандар «89,9» деген сандармен ауыстырылсын;

«Бір адамға еркек безінің ерте табылған қатерлі ісігін скринингтік тексеріп-қараудың орташа құны» деген жолдағы «4439» деген сандар «3489,7» деген сандармен ауыстырылсын;

«Бір ересек адамға вирусты гепатитті анықтау үшін скринингтік тексеріп-қараудың орташа құны» деген жолдағы «6,0» деген сандар «2,9» деген сандармен ауыстырылсын;

«кіші бағдарлама бойынша бюджет шығыстарының көлемі» деген жолдағы «107931 914» деген сандар «104312 908» деген сандармен ауыстырылсын;

«бағдарлама бойынша бюджет шығыстарының көлемі» деген жолдағы «157 295 872» деген сандар «153 676 866» деген сандармен ауыстырылсын;

013 «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің күрделі шығыстары» деген бюджеттік бағдарламада:

«2013» деген бағанда:

«бағдарлама бойынша бюджет шығыстарының көлемі» деген жолдағы «346 551» деген сандар «348 410» деген сандармен ауыстырылсын;

014 «Мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау» деген бюджеттік бағдарламада:

«2013» деген бағанда:

тікелей нәтиже көрсеткіштерінде:

«Шетелде біліктілікті арттыруға және қайта даярлауға жіберілген мамандардың саны» деген жолдағы «108» деген сандар «86» деген сандармен ауыстырылсын;

«Ел ішінде біліктілікті арттыруға және қайта даярлауға жіберілген мамандардың саны» деген жолдағы «15 338» деген сандар «17 026» деген сандармен ауыстырылсын;

«Шетелден тартылған мамандардың саны» деген жолдағы «26» деген сандар «76» деген сандармен ауыстырылсын;

тиімділік көрсеткіштерінде:

«Шетелде 1 маманның біліктілігін арттырудың және қайта даярлаудың орташа құны» деген жолдағы «2186» деген сандар «1885» деген сандармен ауыстырылсын;

«Ел ішінде 1 маманның біліктілігін арттыру және қайта даярлаудың орташа құны» деген жолдағы «69» деген сандар «63» деген сандармен ауыстырылсын;

«Шет елден 1 маманды тартудың орташа құны» деген жолдағы «1502» деген сандар «830» деген сандармен ауыстырылсын;

«бағдарлама бойынша бюджет шығыстарының көлемі» деген жолдағы «1 339 268» деген сандар «1 289 268» деген сандармен ауыстырылсын;

016 «Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау» деген бюджеттік бағдарламада:

«2013» деген бағанда:

тікелей нәтиже көрсеткіштерінде:

«Қаржыландырылатын, оның ішінде жобаланатын денсаулық сақтау объектілерінің саны» деген жолдағы «5» сан деген «7» деген санмен ауыстырылсын;
тиімділік көрсеткіштерінде:

«Бір аяқталған құрылыс объектісінің орташа құны» деген жолдағы «61,5» деген сандар «81,9» деген сандармен ауыстырылсын;

«Бір аяқталған жобалау объектісінің орташа құны» деген жолдағы «61,5» деген сандар «13,2» деген сандармен ауыстырылсын;

«Бір аяқталған жобалау объектісінің орташа құны» деген жолдағы «2 422 110» деген сандар «572 367» деген сандармен ауыстырылсын;

019 «Денсаулық сақтаудың ақпараттық жүйелерін құру» деген бюджеттік бағдарламада:

«2013» деген бағанда:

«бағдарлама бойынша бюджет шығыстарының көлемі» деген жолдағы «3 002 944» деген сандар «3 031 444» деген сандармен ауыстырылсын;

021 «Республикалық деңгейде мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарының күрделі шығыстары» деген бюджеттік бағдарламада:

«Жарактандырылатын ұйымдардың саны» деген жолдағы «46» деген сандар «12» деген сандармен ауыстырылсын;

«бағдарлама бойынша бюджет шығыстарының көлемі» деген жолдағы «6 488 196» деген сандар «5 027 302» деген сандармен ауыстырылсын;

026 «Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау» деген бюджеттік бағдарламада:

«2013» деген бағанда:

«бағдарлама бойынша бюджет шығыстарының көлемі» деген жолдағы «1 500 000» деген сандар «34 585» деген сандармен ауыстырылсын;

027 «Астана қаласының бюджетіне жаңадан іске қосылатын денсаулық сақтау объектілерін ұстауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер» деген бюджеттік бағдарламада:

«2013» деген бағанда:

тікелей нәтиже көрсеткіштерінде:

«Қаржыландырылатын объектілер саны» деген жолдағы «1» деген сан «2» деген санмен ауыстырылсын;

түпкілікті нәтиже көрсеткіштерінде:

«Жұмыс істейтін объектілер саны» деген жолдағы «1» деген сан «2» деген санмен ауыстырылсын;

тиімділік көрсеткіштерінде:

«Іске қосылатын бір объектіні ұстауға арналған орташа шығыстар» деген жолдағы «84 300» деген сандар «156 574» деген сандармен ауыстырылсын;

«бағдарлама бойынша бюджет шығыстарының көлемі» деген жолдағы «84 300»

деген сандар «313 148» деген сандармен ауыстырылсын;
 029 «Денсаулық сақтау жүйесін реформалау» деген бюджеттік бағдарламада:
 «2013» деген бағанда:

004 «Сыртқы қарыздар есебінен» кіші бағдарламасы бойынша бюджет шығыстарының көлемі» деген жолдағы «843 041» деген сандар «2 022 401» деген сандармен ауыстырылсын;

«бағдарлама бойынша бюджет шығыстарының көлемі» деген жолдағы «6 373 025» деген сандар «7 552 385» деген сандармен ауыстырылсын;

031 «Аурухананы басқару саласындағы халықаралық стандарттарды енгізу» деген бюджеттік бағдарламада:

«2013» деген бағанда:

тікелей нәтиже көрсеткіштерінде:

«Ауруханалық әкімшілендіру саласында ХДА бағдарламасы бойынша білім алушы мамандардың саны» деген жолдағы «40» деген сандар «33» деген сандармен ауыстырылсын;

«Тестілік аккредиттеуден өткен Холдинг клиникаларының саны» деген жолдағы «4» деген сан «3» деген санмен ауыстырылсын;

мына:

«

Шетелде білім алу бағдарламаларының саны (менеджерлер)	бірл.					7	7	6
--	-------	--	--	--	--	---	---	---

»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

Шетелде білім алушы денсаулық сақтау менеджерлерінің саны	адам					46	7	6
---	------	--	--	--	--	----	---	---

»;

мына:

«

Зертханалық тәжірибеге оқытылған мамандар саны (GLP)	адам					65	65	65
Клиникалық тәжірибеге оқытылған мамандар саны (GCP)	адам					65	65	65
Ғылыми тәжірибеге оқытылған мамандар саны (GSP)	адам					65	65	65
Оқытылатын биомедицина инженер-инструкторларының саны	адам					6	12	12
Сапа және пациент қауіпсіздігінің халықаралық стандарттарын енгізу бойынша дайындалған жаттықтырушылар саны	адам					24		
Сапа және пациент қауіпсіздігінің халықаралық стандарттарын енгізуін бағалау бойынша дайындалған жаттықтырушылар саны	адам					18		

»

деген жолдар алынып тасталсын;
түпкілікті нәтиже көрсеткіштерінде:
м ы н а :

«

Медицина ұйымдарының қызметін мониторингілеудің теңгерімді көрсеткіштері жүйесін енгізу	бірл.					1		
---	-------	--	--	--	--	---	--	--

»

деген жол алынып тасталсын;
«бағдарлама бойынша бюджет шығыстарының көлемі» деген жолдағы «3 096 954» деген сандар «2 676 712» деген сандармен ауыстырылсын;
036 «Жергілікті деңгейде қаржыландырылатын бағыттарды қоспағанда, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін қамтамасыз ету» деген бюджеттік бағдарламада :

«2013» деген бағанда:
тиімділік көрсеткіштерінде:

«Республикалық бюджеттен ТМККК шеңберінде бір науқасқа стационарлық медициналық көмек көрсетудің орташа құны» деген жолдағы «95 000» деген сандар «105 000» деген сандармен ауыстырылсын;

«бағдарлама бойынша бюджет шығыстарының көлемі» деген жолдағы «200 317 660» деген сандар «205 273 925» деген сандармен ауыстырылсын;

038 «Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жергілікті деңгейде медициналық денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық-техникалық жарактандыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер» деген бюджеттік бағдарламада :

«2013» деген бағанда:
тікелей нәтиже көрсеткіштерінде:

«Жарактандырылатын ұйымдардың саны» деген жолдағы «620» деген сандар «125» деген сандармен ауыстырылсын;

«Сатып алынатын медициналық жабдықтың саны» деген жолдағы «1388» деген сандар «511» деген сандармен ауыстырылсын;
түпкілікті нәтиже көрсеткіштерінде:

«Медициналық ұйымдардың жарактануының деңгейі» деген жолдағы «71» деген сандар «60» деген сандармен ауыстырылсын;
тиімділік көрсеткіштерінде:

«Бір ұйымды жарактандырудың орташа құны» деген жолдағы «26 588,9» деген сандар «29 726,7» деген сандармен ауыстырылсын;

«бағдарлама бойынша бюджет шығыстарының көлемі» деген жолдағы «16 485 164» деген сандар «15 190 354» деген сандармен ауыстырылсын;

103 «Азаматтардың денсаулығын сақтау мәселелері бойынша сектораралық және ведомствоаралық өзара іс-қимыл» деген бюджеттік бағдарламада:
«2013» деген бағанда:
түпкілікті нәтиже көрсеткіштерінде:
«Күтілетін өмір сүру ұзақтығы» деген жолдағы «69,5» деген сандар «70,1» деген сандармен ауыстырылсын;
«АИТВ инфекциясын 15-49 жас топтарында таратылуын ұстау» деген жолдағы «0,4» деген сандар «0,3» деген сандармен ауыстырылсын;
«бағдарлама бойынша бюджет шығыстарының көлемі» деген жолдағы «16 451 741» деген сандар «16 546 197» деген сандармен ауыстырылсын;

104 «Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес» деген бюджеттік бағдарламада:
«2013» деген бағанда:
тиімділік көрсеткіштерінде:
«Енгізілген бағдарламалардың орташа құны» деген жолдағы «30,1» деген сандар алынып тасталсын;
«бағдарлама бойынша бюджет шығыстарының көлемі» деген жолдағы «42 800» деген сандар «13 600» деген сандармен ауыстырылсын;
«Бюджеттік бағдарламалардың жиыны» деген 7.2-кіші бөлімде:
«Бюджеттік шығыстар барлығы» деген жолдағы «526 382 020» деген сандар «519 087 411» деген сандармен ауыстырылсын;
«Ағымдағы бюджеттік бағдарламалар» деген жолдағы «456 364 862» деген сандар «454 582 668» деген сандармен ауыстырылсын;
«Бюджеттік даму бағдарламалары» деген жолдағы «70 017 158» деген сандар «64 504 743» деген сандармен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
С.Ахметов*